

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им.И.Алтынсарина



Заманауи мектеп сынып жетекшісінің моделі
Әдістемелік құрал

Модель классного руководителя в современной школе
Методическое пособие

Астана
2014

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2014 жылғы 14-наурыздағы №2 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №2 от 14 марта 2014 года)

Заманауи мектеп сынып жетекшісінің моделі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 28 б.

Модель классного руководителя в современной школе. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им.И.Алтынсарина, 2014. – 28 с.

Әдістемелік құралда сынып жетекшісі қызметінің инновациялық тәжірибесі талданған, сынып жетекшісінің іс-әрекетіндегі басым бағыттар қарастырылған және осының негізінде заманауи мектеп сынып жетекшісінің моделі құрастырылды.

Әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне, ата-аналарға және тәрбие мәселесі қызықтыратындарға арналған.

В методическом пособии проанализирован инновационный опыт деятельности классного руководителя, рассматриваются приоритетные направления работы классного руководителя и на этой основе разработана модель воспитательной деятельности классного руководителя современной школы.

Методические рекомендации предназначены для классных руководителей, учителей общеобразовательных школ, родителей и всем тем, кто интересуется вопросами воспитания.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2014

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2014

*Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы.
А. Байтұрсынов*

Кіріспе

Білім беру қоғам дамуының маңызды әлеуметтік-экономикалық факторы болып саналады, ол кез келген мемлекеттің саясатының басым аспектілеріне жатады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: «... жалпы білім беретін мектептерде білім берудің мақсаты – Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту», – деп атап көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты [2]. Жас ұрпақты тәуелсіз Қазақстанның даму тарихының субъектісі ретінде, өзгерістердің бірыңғай маңызды факторы ретінде, жаңа идеялар мен бағдарламаларды тасымалдаушы ретінде, ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық, «Мәңгілік Ел» монолитінің өкілі ретінде қабылдау қажет.

Тәрбие процесінің тиімділігі тікелей мұғалімге, сынып жетекшісіне байланысты. Әйгілі психолог Дж. Маккензи мұғалімнің іс-әрекетінің маңыздылығы туралы білім беру жүйесінің сапасы онда қызмет ететін мұғалімдердің сапасынан жоғары болуы тиіс деген болатын.

Өкінішке орай, бүгінгі күні жасөспірімдер мен жастардың ортасында ішімдік қолдану, нашакорлық, темекі шегу, суицид жағдайлары сияқты фактілер кездеседі. Бұған тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі және тәрбие саласындағы педагогтердің кәсіби деңгейінің төмендігі, сол сияқты ата-аналармен, жұртшылықпен байланыстың әлсіздігі ықпал етеді.

Жас ұрпақ тәрбиесінде басты рөл сынып жетекшісіне жүктелетін міндеттер артып отыр: ол – тұлғаның қалыптасуына, оның нәтижелі түрде әлеуметтенуіне қатынасатын тәлімгер, ол бүгінгі күн талаптарына жауап береді және болуы мүмкін тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді алдын ала көре біледі. Қазіргі күні мектеп сынып жетекшілерінің белсенді позициясын қалыптастыруды күшейту, жалпы білім беру жүйесіндегі тәрбие процесін жетілдіру мен тиімділігін арттыру қажеттілігі туындап отыр.

Заманауи білім берудегі өзекті мәселе – сынып жетекшісінің функционалдық міндеттерін қайта қарау және қазіргі мектеп сынып жетекшісінің жаңа моделін жасау болып отыр.

1. Заманауи мектеп сынып жетекшісі қызметін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері

Қазақстандық білім беруді жаңғыртудағы бағдарламалық шаралар әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірілген және тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көпдеңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастырудағы білім беруді дамытудың стратегиялық басымдықтарын анықтауға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасында», «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» айқындалған.

Бұл процестегі мұғалімнің, сынып жетекшісінің, тәлімгердің рөліне баға жетпейді. Білім беруді жаңғыртуды кәсіби, құзыретті педагогсыз шешу қиын және мүмкін де емес. Заманауи әлемде сынып жетекшісіне, тәрбиешіге өте қатал талап қойылады, себебі қазақстандық білім беруді жаңғыртуда мұғалім басты тұлға болып табылады. Мұғалім қызметіне жаңаша көзқарастағы басты айырмашылық – оның кәсіби шеберлігіне көп көңіл бөлінуі. Сынып жетекшісінің, тәрбиешінің беделі оның зияткерлік және кәсіби деңгейімен, тұлғалық қасиеттерімен анықталады.

Ол өз қызметінде Конституцияны және Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, және білім алушыларға білім беру мен тәрбиелеу мәселелері бойынша білім берудің барлық деңгейлерін басқару органдарының қарарларын; сол сияқты мектеп Жарғысын және жергілікті құқықтық актілерді (соның ішінде ішкі еңбек тәртібі Ережелерін, директордың бұйрықтары мен өкімдерін, осы лауазымдық нұсқауларды), еңбек келісімін (контракт) басшылыққа алады.

Бүгінгі күні қазақстандық білім беруді жаңғырту талаптарына жауап беретін сынып жетекшісі қызметін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері, оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту мәселесі ерекше өткір тұр. Педагог қызметін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері мен принциптерінің мазмұны және құрылымы психологтер Л.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьевтің, сондай-ақ М.Н.Скаткин, В.В.Краевский, В.И.Загвязинский, Б.С.Гершунский, Н.Д.Хмель, М.Ж.Жадрина, Т.О.Балықбаев, Ш.Таубаева және т.б. педагогтердің еңбектерінде жете зерттелді. Мысалы, қазақстандық зерттеуші-әдіскер С.Ф.Тәжібаева әдіснамалық білім құрылымында ашылған заңдар немесе заңдылықтарды, жалпы тәсілдер мұғалім іс-әрекетінің категорияларында жүзеге асырылатын принциптер мен талаптарды зерттеді. Автор тұжырымдамалық бірлік құрылымында педагогикалық процесті зерделеудің жүйелі және тұтастық тұрғыдағы мәнін ашады [3,38]. Ш.Таубаева мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделейді. Автор оның мәнісін субъект-субъектілі парадигманың қалыптасуы жағдайларында білім беру процесін пайымдау және түрлендіру құралы ретінде түсіндіреді. Ш.Таубаева дайындалған мәселеге қатысты әдіснамалық тәсілді педагог

қызметінің нысаны ретінде іздеп отырған сапаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процестің әрекетін оңтайландыру мақсатындағы мұғалім қызметінің басшылыққа алатын ғылыми негізделген нормасы ретінде анықтауға болады деп есептейді. Автор әлеуметтік-гуманитарлық білім мен оның әдіснамасының қалыптасып жатқан жаңа парадигмасын пайымдау қажеттіліктерін негіздеді, ол педагогика әдіснамалық тұрғыдан өз беделін толыққанды анық дәлелденген гуманитарлық-ғылыми пәндер деңгейіне дейін көтеруге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер педагогика ғылымдары мен практиканы болжау мен даму әдістері ретінде қолданылуы мүмкін [4, 164-168]. Қазақстандық ғалымдар Г.К.Нұрғалиева, А.Қ.Құсайынов әлемдік тәжірибеде салыстырмалы-педагогикалық зерттеулер жүргізуде қалыптасқан негізгі әдіснамалық тәсілдерді кәсіби сипаттады: ел тану, индуктивті, дедуктивті, әлеуметтік, этномәдени, тарихи [5,112-114]. Т.О.Балықбаев студенттік, оқушылар топтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін ашады [6].

«Мұғалім моделі» терминін педагогикалық ғылым термині ретінде қарастырайық. Ол үшін осы терминді өзге ғылымдарды зерттеушілер қалай түсіндіретінін білуіміз керек, себебі «модель» және «модельдеу» таным әдістері ретінде (логика, физика, математика, кибернетика, информатика, гносеология және т.б.) кең қолданылады. Ал, педагогикада бұл термин әлі де болса тұрақтаған жоқ.

«Модель» (франц. *modele*, латын. *modulus* - өлшем, үлгі, норма) түсінігі көпмағыналы. Модель – ғылыми зерттеудегі қандай да бір процесс немесе құбылыстың өкілі немесе түпнұсқаның орнына қолданылатын үлгі, аналог. Модельде белгілі бір табиғи немесе әлеуметтік шынайылықтың, адамзат мәдениеті жемісінің көрінісі ұсынылған. Дәл осы тұрғыдан «сынып жетекшісінің моделі» терминін түсіну қажет. Сынып жетекшісінің моделі (педагогтің) – түпнұсқадағы тамаша (жетік) аманның ойдағы бейнесі. Сондай-ақ мұғалімнің моделі оның барлық қасиеттерін емес, тек өте маңыздыларын ғана қамтитынын еске саламыз. Әдетте педагогикалық шеберлік проблемаларын зерттеген көптеген ғалымдар педагог қызметінің құрылымын, сол сияқты оның қасиеттері мен қабілеттерін егжей-тегжей талдайды (А.А.Калюжный, А.Г. Қазмағамбетов, А.Н. Абдуллина, Г.Щ. Гайнутдинов, С.Г. Вершловский, И.А. Зимняя, В.А. Кан-Калик, Н.В. Кухарев, Н.В. Кузьмина, Л.М. Митина, В.А. Слостенин және т.б.). Аталған зерттеушілердің еңбектерінде бірқатар ортақ тұстары бар.

Біріншіден, педагогикалық қабілеттер, сондай-ақ білік және дағдылар көбінесе мұғалімнің кәсіби қызметінің бірнеше түрінен жасалады. Осындай және осыған ұқсас қабілеттер мен біліктердің қатарына Н.В. Кузьмина 60-шы жылдары конструктивті, ұйымдастырушы және коммуникативті қабілеттерді ұсынды, кейінірек гностикалық қабілетті қосты. Басқа зерттеушілер соңынан дидактикалық, болжамдық, перцептивті, экспрессивті, суггестивті, талдау-суггестивті, саралау-суггестивті, саралау-бағалау және кейбір басқа да қабілеттер мен біліктерді қосты [7].

Екіншіден, аталған авторлардың еңбектеріне ортақ тән қасиет – педагогикалық іс-әрекеттің, қабілеттер мен біліктердің әр түрі өзара тығыз байланысты және біртұтас құрылымдалған жүйе ретінде көрінетінін тану (А.Г. Қазмағамбетов, О.А. Абдуллина, К.В. Вербова және т.б.).

Үшіншіден, педагогтің тұлғалық сипаттамасы кәсібилік сипаттамаға қатысты жетекші рөл атқарады.

Төртіншіден, педагогтің кәсіби қызметінде диагностикалық және зерттеу жұмысы көпшіліктен жеке ерекшеленбей, айқын, өзінен өзі түсінікті болады немесе қызметтің және біліктіліктің басқа түрлерінің компоненті ретінде аталады.

С.А. Абдуллина педагогтің кәсіби қызметінің кең және белгілі бір жүйеде ұсынылған құрылымын жалпыпедагогикалық білім, білік және дағдылар ретінде ашып көрсетеді [8; 40-41].

Н.Ф. Гоноболдин адамдардың педагогикалық еңбекке қабілеттілігін талдады. Оның сипаттамасы бойынша олар –10 . Алайда оларды толығымен тұлғалық қасиеттерге бағындырды, сол арқылы бұл қабілеттердің өздеріне тән тұстары мен мұғалімнің кәсіби қасиеттерін бүркемеледі [9; 219-221].

И.А. Зимняя педагогикалық біліктіліктің 9 тобын жіті сипаттады, нәтижесінде оларды педагогикалық қызметке жатқызды. Өз кезегінде олар практик-мұғалімдерді қызықтырады анық [10; 348-350].

Сонымен, қазіргі жағдайда педагогика ғылымы жаңа және ең жаңа ғылыми тұжырымдамалар, теориялық құрылым және әртүрлі болжамдар тарапынан қысым көруде. Сол себепті жоғарыда аталған әдіснамалық бағдарлар мен қоғам дамуының ағымдары негізінде тұтас алғанда ғылымда, және бөлек алғанда педагогикада жалпыәдіснамалық маңызы бар теориялық тұрғыларды және принциптерді айырып көрсетуге болады.

Қазіргі күні заманауи педагогика бала тәрбиесінде тұлғаға бағдарланған тәсілге сүйенеді. Болашақ – бұл біздің балаларымыз, білім болмаған жерде келешек те болмайды. Қоғамның педагогикалық қолдауға сұранысы артып отыр. Айталық, психологиялық-педагогикалық әдебиетте педагогикалық қолдау психологиялық процесс ретінде түсіндіріледі. Ересек адам қолдау процесінде баланың өзіндік бағалауын нығайту мақсатында дұрыс жақты және оның артықшылықтарына назар аударады, баланы қателікке ұрынудан сақтандырады, сәтсіздіктерде қолдау жасайды деп түсіндіріледі. Онсыз адам дамуы мүмкін емес. Тәрбие теориясы мен технологиясында заманауи мектептегі уақыттың және өтіп жатқан барлық өзгерістердің ерекшеліктері, белгісі тәрбие парадигмасының алмасуы нәтижесінде бірқатар озық педагогикалық идеялар пайда болды. Қазақстанда соңғы жиырма жыл ішінде тәрбиенің жаңа тәсілдері мен тұжырымдамасы дайындалды. Рецептуралық педагогикадан тұжырымдамалық педагогикаға біртіндеп өту байқалады. Тұжырымдамада педагогикалық іс-әрекет стратегиясын әзірлеудегі бағдар ретінде принциптерге ерекше көңіл бөлінеді. Адамгершілік тұжырымдамалар – бұл қатаң талаптар емес, іргелі пікірлермен, жетекші идеялармен біріккен құбылыстар мен процестердің түсінігін анықтайтын ұсыныстар, көзқарастар. Білім берудің тұжырымдамалық негіздеріне назар аударып отырған ғылыми

және практикалық қызметкерлердің қызығушылықтары тұжырымдамалық педагогикалық ойдың туындағанын дәлелдейді. Сынып жетекшілері тәрбиенің жаңа тәсілдері мен тұжырымдамалары туралы білулері қажет, себебі мұндай білімсіз нақты білім беру мекемесіндегі тәрбие жүйесін құрылымдау және құру мүмкін емес. Қазіргі таңда көптеген ғалымдар мен практиктер елдегі барлық оқу орындары үшін бірыңғай тәрбие процесінің моделін немесе бағдарламасын жасауға қарсылық білдіруде. Курс тәрбие қызметінің мақсаты, мазмұны мен ұйымдастыру тәсілдерінің вариативтілік идеясын жүзеге асыруға бағытталған. Алайда бұл педагогика ғылымының жетістіктеріне сүйенбей және тәрбие, оқыту мен бала дамуының заңдылықтарын ескермей тәрбие жүйесін құруға болады дегенді білдірмейді. Вариативтілік принципін жүзеге асыру педагогтерден тәрбие теориясы мен технологиялары мәселелерінен көбірек хабардар болуды талап етеді.

Соңғы жылдары білім беру ұйымдары жетекшілерінің, сынып жетекшілерінің, тәрбие жұмысын ұйымдастырушылардың жергілікті немесе модульдік өзгерістер көмегімен тәрбие қызметін жаңартудағы және жетілдірудегі әрекеттері өкінішке орай өз нәтижелерін бермей отыр. Оқушыларды тәрбиелеу практикасына айтарлықтай өзгерістер енгізу қажет, ол педагогикалық процеске қатысушылардың барлығының ойлауы мен іс-әрекетін ұйымдастыруына жүйелі тұрғыдан қарағанда ғана мүмкін. Өз кезегінде ойлау және практикалық қызметтің жүйелі стилін қалыптастыруды тәрбиенің қазіргі тәсілдері мен тұжырымдамалары болып саналатын жүйелі құралдармен жабдықтамайынша елестету қиын. Талданған зерттеулерде, құралдарда тәрбие жүйесі мен тәсілдерін ғылыми-теориялық негіздеу бойынша тәжірибелер көптеп ұсынылған, оларды модельдеудің теориясы мен технологиялары баяндалған, алайда, сонымен бірге, сынып жетекшісінің сыныптағы қызметіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеген, оның мектеп тәрбие жүйесіндегі рөлі мен орны анықталмаған.

Соңғы жылдары қазақстандық мектептерде міндеті оқушыларды тәрбиелеу болып табылатын жаңа мамандар пайда бола бастады: педагог-ұйымдастырушылар, қосымша білім беру педагогтары, әлеуметтік педагогтер, сынып тәрбиешілері. Бірақ, соған қарамастан мектепте тек сынып жетекшісі ғана тұлғаның тәрбие процесін анықтайтын басты адам болған және бала береді. Ол оқушы, мұғалімдер мен ата-аналардың, социумның, кей кезде тіпті балалардың арасындағы байланыстырушы буын болуы тиіс. Сынып жетекшісін ересек дос және дана тәлімгер ретінде санаған оқушылар ең алдымен, кейде тек сонан ғана ақыл-кеңес, көмек, қолдау күтеді. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің зерттеулері көрсеткендей-ақ, егер ол оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының мақсатын, бағытын дұрыс анықтаған кезде, өз сыныбының қызығушылығы мен мүмкіндігін жақсы білген жағдайда сынып толығынан мектептің тәрбие жүйесімен кірігеді, шағын ауданның тәрбие кеңістігіне қосылады, отбасы сынып пен мектеп өміріне белсене араласады.

2. Заманауи мектеп сынып жетекшісі жұмысының басым бағыттары

Сынып – мектептегі негізгі құрылымдық элемент болып саналады. Осы ортада оқушылардың танымдық іс-әрекеті ұйымдастырылады, олардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас қалыптасады. Мектептік өзін-өзі басқару органдарының өкілеттік қызметтері көп жағдайда сынып атынан жүзеге асырылады. Сыныптарда оқушылардың әлеуметтік саулығына қамқорлық жасалады, олардың демалысын ұйымдастыру, ұжымдардың алғаш топтасу проблемалары шешіледі, сәйкес әсерлі (эмоционалдық) орта қалыптасады. Әр сыныпқа мектеп бойынша бұйрық негізінде осы сыныпта табысты жұмыс жасап жүрген мұғалімдердің бірі бекітіледі. Бұл – сынып жетекшісі.

Кеңес өкіметі жылдары сынып жетекшісі (топ жетекшісі) лауазымы алғаш рет XX ғасырдың 30-жылдары енгізілді. Осыған дейін топтарда тәрбие жұмысын мұғалімдер атқаратын. Топ деген атауды сынып сөзімен алмастырғаннан бері топ жетекшілерін сынып жетекшілері деп атайды.

1960 жылы өндіріске үйрететін сегізжылдық және орта жалпы білім беретін еңбек политехникалық мектептің сынып жетекшісі туралы ереже қабылданды. Қазіргі кезде Сынып жетекшісі туралы ереже сынып жетекшілігінде басшылыққа алатын құжат болып саналады.

Қазақстан Республикасындағы білім беру бүгінгі таңда айтарлықтай өзгеріске ұшырады:

- білім беру мазмұны жаңаруда;
 - педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың жаңа тәртібі енгізілуде;
 - мемлекеттік білім беру стандарттарының жаңа буындары жасалуда;
 - қолданысқа оқытудың, тәрбие мен басқарудың жаңа әдістері, құралдары және технологиялары жаппай кіргізілуде;
 - республикада білім беру сапасын бағалау жүйесі және т.б. құрылуда.
- Алайда сынып жетекшісінің рөлі білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып қала береді.

Республиканың бірқатар мектептері және Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесінің талдауы көрсеткендей-ақ сынып жетекшісі қызметінің бағыттары:

- білім алушылармен;
- ата-аналармен және жұртшылықпен;
- сынып жетекшісінің пән мұғалімдерімен өзара әрекет;
- сынып жетекшісінің әдістемелік бірлестік шеңберінде;
- құжаттамаларды ресімдеу бойынша жұмыс орындау болып табылады.

Сынып жетекшісінің білім алушылармен жұмысы ең әуелі сыныпқа және жекелеген оқушыларға жасаған талдау жұмысынан басталады. Сынып жетекшісіне оқушылармен жұмыстың мақсаткерлік және әрекеттік жоспарын құрастырған жеңіл, өйткені ол оқушылардың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен бейімділіктерін және тәрбиелік деңгейін біледі. Сынып жетекшілері тек қиын оқушылармен, тәртіп бұзушылармен ғана жеке жұмыс

жүргізуі тиіс деген қате пікірлер бар деректер кездесіп қалады. Олар өздеріне ерекше көңіл бөлуді қажет ететін басқа оқушылардың бар екенін ұмытып кетеді, кейде проблемалар мен теріс қылықтар сырт көзге байқалмауы мүмкін. Сыныпты және ондағы әрбір оқушыны жеке зерттеген соң сынып жетекшісі өзінің тікелей қызметін – балалармен жүргізілетін жұмыс формасын таңдауды жүзеге асырады.

Жұмыс формаларын атқарылу түріне қарай (оқу, еңбек, спорттық, көркем), ықпал ету әдісі (тікелей және жанама), өткізу уақытына байланысты (қысқа мерзімді, ұзақ және дәстүрлі) таңдау қажет.

Әзірлік уақытына қарай – оқушыларды алдын ала жүргізілетін жұмыстарға қатыстырмай-ақ орындалатын; ұйымдастыру субъектісі бойынша (педагогтер, ата-аналар және басқа да ересектер) – бастама және оларды жүзеге асыру балаларға тиесілі – ынтымақтастық негізіндегі; қатысушылар саны бойынша – жеке, топтық және көпшілік *жұмыс түрлері*.

«Тәрбие жұмысы – деп жазды А.С. Макаренко, – бұл ең алдымен ұйымдастырушының жұмысы» [11; 349].

Сынып жетекшісінің іс-әрекетіне қатысты айтылған бұл ой тура мағынаға ие болады. Ол ұйымдастырушылық қабілетін көрсетуі және оқушыларды алуан түрлі практикалық қызметке тартуы арқылы оқушылардың мінезін шындауға, олардың бойында орнықты оң адамгершілік қасиеттерді, сондай-ақ өмірдегі және тұрмыстағы түрлі моральға жат құбылыстарға қарсы күреске ұмтылысты қалыптастыра алады. Ол үшін сынып жетекшісі технологияны, яғни өз ісін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын меңгеруі тиіс.

Сынып жетекшісі жұмысындағы адамгершілік тәрбиесінің әдістері. Сынып жетекшілері өз жұмысында баланың бойында жауапкершілік, құрмет, адалдық, мейірімділік, азаматтық, мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді игеру қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін, тәрбиенің жалпы міндеттеріне жауап беретін тәрбие процесін қалыптастыру формаларын іріктейді. Олардың әрқайсысын жеке қарастырамыз.

Мысалы, Назарбаев зияткерлік мектептерінде адамгершілік тәрбиесі гуманитарлық пәндер циклдары арқылы жүзеге асырылады (әдебиет, қазақ тілі, Қазақстан тарихы, қазіргі әлемдегі Қазақстан, дүние тану, орыс тілі, ағылшын тілі, өзін-өзі тану). Қазақ ағартушыларының өмірі мен іс-әрекеті мысалындағы тәрбие. Адамгершілік және этикалық тақырыптағы іс-шаралар, ассамблеялар, дебаттар, әңгімелер; балалар үйлері, ауруханалар, балалар бақшалары, қарттар үйлері, қалалық бақтар және басқа да әлеуметтік нысандарда шефтік (қамқорлық) жұмыстар ұйымдастыру және өткізу.

Сынып сағаты. Бұл – сынып жетекшісінің тәрбие жұмысындағы ең кең тараған ұйымдастыру формасы. Сынып сағаттарын өткізу тәрбие жұмысының жоспарында алдын ала ескеріледі. Сынып сағаттарын өткізу кезінде оқушылардың сынып жетекшісімен еркін қарым-қатынас жасау формасы басым түсіп жатады. Сынып сағаттарының тақырыбы көп жағдайда оқушылардың жасына, олардың тәрбиелік деңгейіне, өмірдің нақты жағдайлары мен оқушылар ұжымының іс-әрекетіне байланысты болып, халықтың ұлттық дәстүрлерін, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, өзіндік ерекшеліктерін және

ұқсастықтарын зерттеуге, тануға, сақтауға бағытталуы тиіс. Мысалы, V-VI сыныптарда негізінен еңбексүйгіштік және ұқыптылық, жолдастық және қайырымдылық, немқұрайлылыққа ымырасыздық, сыпайылық және т.б. туралы, ал VII-VIII сыныптарда – саналы тәртіп, қарапайымдылық, парыз және ар-намыс, бақыт, адами құндылықтар, мақсаттылық, қарым-қатынас мәдениеті және т.б. туралы әңгімелер өткізіледі. Жоғары сыныптардағы тәрбие сағаттарында адамгершілік, белсенді өмірлік ұстанымдар жайында мәселелер әңгімеленеді. Негізінде, жоғары сынып оқушылары сынып сағаттарын даярлауға және өткізуге белсенді түрде атсалысады. Сынып сағаттарын өткізуге қойылатын басты талап – сынып оқушыларының белсенді қатысуы; сыныпта ешкім енжар бақылаушы болып қала алмайды – оны дайындау және өткізуде барлығына да жұмыс табуға болады. Сынып сағаттарын үйрету, ақыл немесе үгіт айту мақсатында пайдалануға болмайды [12; 149].

Әңгіме. Сынып жетекшілерінің тәрбие іс-әрекетінде оқушыларды моральдық түсініктер және ұғымдармен байыту, оларды мінез-құлқ ережелерімен таныстыру мақсатындағы этикалық әңгімелердің алатын орны ерекше. Әңгімелесу процесінде оқушыларда өзінің және өзгелердің мінез-құлқын бағалау қарым-қатынасы қалыптасады. Сынып жетекшісінің жоғары адамгершілік және мәдени деңгейі, олардың материалды ұсынудағы әсершілдігі, оқушыларды ашық әңгімеге тарта білуі, тәрбиешілердің сеніміне кіруді жете түсінуін ұғындыруы этикалық әңгімелердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Мектептерде баламен жүйелі түрде жүргізілетін әңгімелермен қатар оқушылардың қылығын талдаумен байланысты ауық-ауық өткізілетін әңгімелерді атауға болады. Әңгіменің мұндай түрін ол жасаған қылығынан соң ізінше жүргізу қажет.

Сынып жетекшілерінің қызметінде оқушылар мінез-құлқының басты критерийлері ретінде «Оқушыларға арналған ережені» түсіндірудің маңызы зор. Тәжірибелі сынып жетекшілері тәртіп туралы әңгімелескен кезде қандай қылық жасауға болмайтынына көп тоқталмастан, қандай жақсы қылық жасау, немесе қандай да бір жағдайда не істеуге болатыны туралы көбірек айтады. Әңгіме сыныппен немесе оғаш қылық жасаған баламен жеке өткізіледі. Тәжірибелі сынып жетекшілері оқушылардың мінез-құлқындағы кемшіліктерді ұжым болып айыптауды құптамайды. Кей жағдайларда кінәлі оқушымен жеке әңгімелесу әлдеқайда тиімді. Бұл жағдайда тілектестік пен сенімділік атмосферасын туғызу маңызды [12;143-149].

Адамгершілік сенім туғызудың бір формасы – оқырман конференциясы. Ол оқушылардың ой-өрісін кеңітіп, олардың көркемдік талғамын дамытып қана қоймай, адамгершілік нормалары мен принциптерін меңгеруге көмектеседі. Оқырман конференциясының барысы көп жағдайда пікірсайыс сипатына айналады да конференция пікірталасқа ұласады (әсіресе жоғары сыныптарда).

Мораль тақырыбындағы пікірсайыс – оқушылардың тыңғылықты даярлығын талап ететін күрделі және сонымен бірге сендірудің әсерлі формасы. Өзіндік пікірін негіздеу кезінде олар адамгершілік принциптерін жақсырақ анықтайды және меңгеріп алады. Оқушыларды өнерге, әдебиетке, музыкаға бейімдеу олардың ішкі мүмкіншіліктерін: қабілеттерін, қызығушылықтарын,

таланттарын, тұлғалық қасиеттерін ашуына және жүзеге асыруына жағдай жасайды.

Сынып жетекшілері оқушыларды олардың адамгершілік әлемін байытуына ықпал ететін мәнерлеп оқу немесе әңгімелеу сайысы, драма үйірмелері, мектептегі ТВ, өздері әзірлеген ойын-сауыққа (би, мектеп оркестрі, хор, вокалдық ән салу) және т.б. қатысуға қызықтырады. Жарыстарды дайындау және өткізу ісіне пән мұғалімдерін, қызықты адамдар мен өнер қайраткерлерін тартады. Сондай-ақ мұражайларға, сурет галереяларына, көркемсурет көрмелеріне, тарихи орындарға, ауыл, қала, аймақтың көзтартар орындарына, ұлттық кітапханалар мен кино және театрларға ұйымдастырылған саяхаттар оқушылардың эстетикалық талғамын дамытуға әсер етеді.

Оқушылардың мінез-құлқына қойылатын адамгершілік талаптар да сендіру (көз жеткізу) мақсатында пайдаланылады. Оқушылардан сабақта және мектептен тыс ортада өздерін дұрыс ұстауды, үлкендерді сыйлауды, шыншыл және әділетті болуды талап еткен сынып жетекшісі оларға мінез-құлық нормалары мен ережелері туралы білім береді, адамгершілік ойлары мен түсініктерін байытады. Тәрбиешінің тәртіпті болу талаптары балалар үшін түсінікті және күнделікті мінез-құлық тәжірибесімен байланысты болған жағдайда ғана орындалады.

Сынып жетекшісі ата-аналармен жұмыста олармен байланыс орнатудың түрлі формаларын қолдануы қажет. Кейбір сынып жетекшісінде бұл байланыс оқу тоқсанының соңында үлгерім қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысын өткізумен және үлгермеуші немесе тәртібі нашар оқушылардың ата-аналарын мектепке шақыртумен шектелген. Бұл жағдайда сынып жетекшілері өз оқушыларының отбасындағы жағдайды біле бермейді және ата-аналармен әрекетте үнемі келісе алмайды. Сынып жетекшісінің ата-аналармен байланыс орнатудағы қызметінің маңызды бөлігі: оқушылардың үйлеріне бару, әңгімелесу үшін мектепке ата-аналарды шақыру, оқушылардың күнделігі немесе электронды күнделік арқылы ата-аналармен хат жазысу, сынып ата-аналарының жиналысын өткізу, ата-аналар үшін педагогикалық тақырыптарға әңгімелер және дәрістер ұйымдастыру [13, 103.].

Мысалы, Назарбаев зияткерлік мектептерінде жауапкершілік оқу және тәрбие процесіне қатысушылар: оқушы, ата-ана, педагог, қоғамдық ұйымдар арасында бөлінген. Ата-аналар мен мектеп балаларға үй тапсырмасын орындауына көмек көрсеткен кезде; мектептің дамуы үшін жауапкершілікті бөлісе отырып, бірлесе жұмыс жасаған кезде оқушылар зор академиялық қолдау алады. Білім саласындағы соңғы үш он жылдықтағы зерттеу жұмыстары ата-аналардың білімге бет бұрысы мен оқушылардың жоғары жетістіктері арасында тікелей байланыс бар екендігін көрсетті. Ата-аналары оқу процесіне қатыстырылған оқушылар, әлеуметтік жағдайы мен табысына қарамастан, жақсы нәтижеге қол жеткізді, мектепке үнемі барып жүрді, әлеуметтік дағдылары, мінез-құлқы жақсы, мектепке жақсы бейімделді, мектепті бітірген соң ЖОО-на түсті. Ата-аналар өз балаларының мектептегі оқуға белсенді қатысқаны үшін ынталандырылады және қажет болған жағдайда шешім қабылдауға, мысалы, балалардың білім алуына ықпал ететін алдағы саясатты

анықтайтын ата-аналар кеңесіне қатыстырылады. Ата-аналардың күшімен мектептегі көптеген мәселелерді шешуге болады: шығармашылық тапсырмаларды дайындауда кеңестер беру, үйірмелерге жетекшілік жасау, қазылыққа мүшелік жасау, қала сыртына сапарларға қатысу, мектеп аумағын абаттандыруда көмек көрсету. Мектеп ата-аналар үшін: семинар-тренингтер, жиналыс, балаларды тәрбиелеу мәселесі бойынша кеңес беру, социологиялық сауалнамалар, ашық есік күндерін ұйымдастырады.

Ынтымақтастықты нығайту мақсатында ата-аналар үшін төмендегі ұсыныстар беріледі:

- тоқсанына кеміне бір рет мектептік шараға қатысу;
- жылына кеміне 3 рет баламен театрға, мұражайға немесе галереяға бару;
- жылына кеміне 1 рет баламен табиғатқа шығу;
- баламен жылына кеміне 2 кітап оқу, талдау және т.б.;
- баламен айына кеміне 1 рет демалыс күндерді бірге өткізу;
- баламен жылына кеміне 1 рет балалар үйіне, қарттар үйіне және т.б.

бару;

- баламен бірге жылына кеміне 1 рет аумақты жинау, сенбіліктер ұйымдастыру.

«Мұғалім – ата-ана» қарым-қатынасы оған қатысушылардың тікелей әсерінсіз-ақ, яғни сырттай орнайды және қалыптасады. Бұл жағдайда бала байланыстырушы буын болып табылады, алайда байланыстың болмауы ата-аналармен қарым-қатынаста теріс салдарларды туындатуы мүмкін. Сынып жетекшісінің жұртшылықпен жұмысы оның іс-әрекетіндегі маңызды бағыт болып табылады. Ол жұртшылықтың көмегімен оқушыларды түрлі кәсіп иелерімен, олардың еңбегімен, кәсіптердің ерекшеліктерімен танысуына мүмкіндік беретін саяхаттар өткізеді, театрларға, мұражайларға серуенді ұйымдастыра алады.

Бала тәрбиесіндегі жұртшылық жұмысының басты бағыттары – бұл сабақтан тыс уақыттағы оқушылардың мінез-құлқын бақылау, оларды алуан түрлі қоғамдық пайдалы еңбекке тарту, үй тапсырмасын дұрыс орындауына жеке көмек көрсету, оқушылардың педагогикалық караусыздығын туындатқан себептерді жоюда отбасыларға көмек көрсету, «қиын» жасөспірімдерді тәрбиелеуде және қайта тәрбиелеуде көмек көрсету, жергілікті жерде спорттық және мәдени-жаппай жұмысты ұйымдастыру. Сынып жетекшілері қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатуы тиіс және олардан көмек және қолдау алу үшін мүмкіндігінше жиі қатынасып тұру керек.

Сынып жетекшісі сыныптағы педагогикалық процестің тұтастығын, мақсаттылығын қамтамасыз ететін пән мұғалімдерімен де өзара әрекеттеседі. Оқушылар ұжымымен және жеке оқушылармен жұмыста барлық педагогтер олардың танымдық белсенділіктерін, шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, жауапкершілігін және т.б. дамыту сияқты ортақ педагогикалық және тәрбиелік міндеттерді шешеді. Көп жағдайда бұл жұмыстың тиімділігі нақты бір

сыныптағы оқушылармен жұмыс жасайтын педагогтер іс-әрекетінің келісушілігіне байланысты.

Сынып жетекшісінің жұмысындағы келесі бағыт – сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі шеңберінде мұғалімдермен жұмыс. Егер мектепте берілген профильде үш немесе одан да көп педагог жұмыс жасаған жағдайда, және пәндік, бастауыш сынып жетекшілері үшін, ұзартылған күн тобы тәрбиешілері үшін, клубтық бірлестіктер жетекшілері үшін *әдістемелік бірлестіктер* құрылады. Әдістемелік бірлестіктің отырыстары жылына 4 рет, кейде – одан да жиі, бірақ айына 1 реттен артық емес өткізіледі. Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестіктерінің қызметі алуан түрлі, алайда оның мазмұны балалармен жүргізілетін тәрбие жұмысын жетілдіру проблемаларын шешуге бағындырылған. Бірлестіктердің отырыстарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік деңгейлерін көтеру мәселелері қарастырылады, қазіргі тұжырымдамалар, озық педагогикалық тәжірибе, нормативтік құжаттар зерделенеді. Диагностикалық зерттеулер өткізу негізінде тұтас алғанда мектептегі, жеке сыныптардағы, сынып параллельдеріндегі тәрбие жұмысының жай-күйі, балалардың тәрбиелілік деңгейі талқыланады. Сынып жетекшілері сынып ұжымы қызметін талдау, мақсатты жору мен жоспарлаудың әдістемелерімен танысады. Сынып жетекшілері қызметінің жекелеген бағыттары бойынша тәжірибе алмасу, әдістемелік ұсыныстар дайындау жұмыстары жүргізіледі. Жыл бойы ашық сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылады, бірлестік мүшелері басқа мектептердегі әріптестерімен кездеседі, мектептегі барлық педагогтермен бірге тәрбие проблемалары бойынша пікірталасқа қатысады.

Оқушылармен, ата-аналармен, пән мұғалімдерімен және жұртшылықпен жұмыс жасай отыра, сынып жетекшісі психологиялық-педагогикалық құжаттама толтырады: түрлі әдістемелерді зерттейді; оқушыларға және барлық ұжымға зерттеу жүргізеді; нақты оқушыға және сыныпқа сипаттама құрастырады; оқушылардың күнделіктерін тексереді; сынып журналын зерделейді және тәрбие жоспарын жасайды.

Сонымен, сынып жетекшісі қызметінің басым бағыттары дегеніміз: әртүрлі педагогикалық іс-әрекеттерді жүргізу арқылы жүзеге асырылатын үйлестіру, білім беру, дамыту және тәрбиелеу. Бұл іс-әрекеттердің жүзеге асырылуы оқушылармен, пән мұғалімдерімен, психологпен, әлеуметтік педагогпен, ата-аналармен, қосымша білім беру ұйымдары қызметкерлерімен, балалар мен жасөспірімдер ұйымдары және бірлестіктерінің басшыларымен жасалған ресми, кәсіби қарым-қатынас арқылы қарастырылады. Уақыт өзгеруде, мектепке, оқушыларға және педагогтерге қойылатын талаптар да өзгерді, бірақ одан сынып жетекшісі рөлінің маңыздылығы төмендемеді.

3. Заманауи мектеп сынып жетекшісінің тәрбие қызметінің моделі

Заманауи мектепте бала дамуының процесін мақсатты түрде бақылаудан, оның ішкі күштерінің, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау үшін жағдай тудырудан, балаларды қоғамдық-құндылықты қарым-қатынасқа тартудан, баланың социумға енуіне ықпал ететін барлық ересектердің педагогикалық ынтымақтастығын іске асырудан артық маңызды және қызықты жұмыс жоқ.

Т.А. Стефановскаяның пікірінше, сынып жетекшісі қызметінің негізі дәстүрлі және инновациялық (ескі және уақытпен тексерілген жана және бүгінгі күні пайда болып жатқан) «кездесулер – өзара түсінушіліктер – өзара қарым-қатынастар» тәсілдері болып табылады, яғни бүгінгі өзгерту үшін он тәжірибені жоққа шығармастан, қазіргі қоғам талап етіп отырған жаңа, маңызды, қажет тәжірибелермен табиғи түрде кіріктіруі қажет [14; 47-49].

Өткен мен келешектің бірлігін қамтамасыз ету біртұтас педагогикалық процестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін берік негіз жасайды. Бұл тәсіл педагогтердің аға ұрпағы мен жас сынып жетекшілерінің мәселелерін: тәрбиенің классикалық, дәстүрлі педагогикалық әдістерін қолдайтын педагогтер мен өз іс-әрекетіне балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңашылдық элементтерін, түрлі құндылықты және идеалды проблемаларын әкелуге ұмтылатын жаңашыл-педагогтер арасындағы қарама-қайшылықты және т.б. айтарлықтай дәрежеде шешуге мүмкіндік береді. Жоғарыда баяндалғандар сынып жетекшісінің замауи мектепте табысты қызмет етуінің шарттарын анықтауға мүмкіндік береді: зерттеушілік құзыреттілік, кәсіби ұтқырлық, бәсекеге қабілеттілік және коммуникативтіліктің (іскерлік қарым-қатынас аспектісінде) болуын болжайтын кәсіби даярлықтың сапалы жаңа деңгейі; оның процеске емес, нәтижеге бағдарланған қызметінің мотивациясы; дербестігін және шығармашылығын көрсету мүмкіндігі;

- сынып жетекшісі жұмысының жүйесін құрастыру және іске асыру қажеттілігі; оның қызметін нәтижесіне қарай бағалау.

Сынып жетекшісінің тиімді қызмет етуінің моделін дайындауда оның жұмысының келесі бағыттарын негізге алу керек:

Бірінші бағыт – тәрбие процесін жоспарлаудың стратегиялық ұмтылысы және ұзақ мерзімді перспективасы. Сынып жетекшісінің іс әрекетінде көп жағдайда күнтізбелік (ағымдағы), яғни тоқсанға, жарты жылға және бір жылға жоспарлау қолданылады. Дәстүр бойынша педагогтер бала тәрбиесінде өзінің авторлық (бейімделген, компилятивті) бағдарламаларын немесе стратегиялық жоспарлау, болжау, бағдарлау, модельдеу, жобалау сияқты әдістерді қолдана отыра, сыныптардың тәрбие жүйесінің тұжырымдамаларын дайындайды.

Екінші бағыт – тәрбие жұмысы мазмұнының балалардың дамуына бағыттылығы. Ол үшін: тұлға, оның құрылымы мен компоненттері, оны дамыту шарттары мен факторлары туралы ғылыми түсініктер қалыптастыру қажет; жұмысты жоспарлауда тәрбие процесі басым орын алуы тиіс; тәрбие жұмысының жоспарлары тұлғаның басты әлеуеттерін (зияткерлік, құндылықты, коммуникативті, дене бітімі, эстетикалық), немесе тұлғалық даму бағыттарын

(ақыл-ой, адамгершілік, дене бітімі) қалыптастырумен байланысты бөлімдерден тұруы тиіс; олар ұйымдастырған бір де бір іс тек шара ретінде өткізілмеуі тиіс; сыныптың психологиялық-педагогикалық сипаттамасын құрастыру кезінде, тәрбие процесінің жай-күйі мен тиімділігін талдау барысында балалардың дамуы нәтижелеріне, әрбір жеке баланың және тұтас алғанда сынып ұжымының тұлғалық даму өлшемдеріндегі өзгерістерге ерекше көңіл бөліну қажет.

Үшінші бағыт – тәрбиелік өзара ықпал етуді жүзеге асырудың жүйелілігі. Тиімді жұмыс жүргізетін сынып жетекшілері жүйелі тұрғыдағы тәсіл білім беруді ұйымдастыру масштабында ғана емес, сондай-ақ сынып ұжымы шеңберінде қолдану тиімді екенін практика жүзінде сенімді дәлелдеп отыр.

Бүгінгі күні кешенді формаларды тәрбие процесінің жүйекіріктіруші факторлары ретінде пайлану тиімді. Кешенді формалар деп тұжырымды ой, жоспармен байланысты және олардың кірігуінің арқасында балалардың дамуына тиімді әрі жан-жақты әсер ету мүмкіндіктеріне ие жеке формалар, тәсілдер мен әдістердің біріккен жиынтығы пайымдалады.

Мысалы, Қазақстанның көптеген мектептерінде оқушылардың дербестігін қалыптастыру мен көрсетудің «Өз «менін» ашудағы маңызды сауалдар әліппесі» (2-4-сынып оқушылары үшін); «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» жобалық шеберханасы (5-9-сынып оқушылары үшін); демалыс клубы (10-11-сынып оқушылары үшін) сияқты кешенді формалары қолданылады.

Төртінші бағыт – тәрбие процесінің балалар дербестігін дамытудағы бағдары. Адамзат тарихында тәрбие жұмысы мектеп, сынып көлемінде біртұтас жүргізілді, ал жеке баланың тәрбиесі күрделі мәселе болып қала берді. Адамдық феноменге ықшамдалған келесі көзқарастар басым: адамдағы және оның қасиеттеріндегі бірегейлік теңдессіздік, қайталанбастық, ерекшелік ретінде ғана қарастырылады. Нәтижелі жұмыс жасап отырған сынып жетекшілерінің адамға деген біртұтас көзқарасы (ықшамдалған емес) тәрбие жұмысында оны жетекші мақсатты бағдар ретінде таңдауына ықпал етеді. Тәрбие жұмысының жоспарларында «Балалармен жеке жұмыс» бөлімінің елеулі орын алатыны бекер емес, онда әр баламен жеке, олардың қызығушылықтары мен әуестенушіліктері, олардың тұлғалық жетістіктері мен дамудағы проблемаларды негізге ала отыра, дербес қарым-қатынас жасаудың формалары мен әдістері қарастырылған. Сынып жетекшілігінің тәжірибесінде олар көбінесе тәрбие процесінің жеке-бағдарлы формалары: жеке көрмелер мен концерттер, өзін-өзі таныстырулар, жеке жетістіктер байқаулары, бенефистер, оқушылардың шеберлік сыныптары және т.б. жиі қолданады. Практика көрсетіп отырғандай, оқушылар дербестігінің дамуына ықпал ету формаларын әзірлеу және практикалық іс-әрекетке қосу тәрбие процесінің сапасын тек байытып және арттырып қана қоймайды, оны балалардың өзіне қызықты әрі күткендегідей етеді, себебі аталған формаларға олар зор ынтамен және жоғары белсенділікпен қатысады және оларда көшбасшылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сынып жетекшісінің қызметіндегі **бесінші бағыт** – педагог-тәрбиеші жұмысының технологиялылығы. Педагогикалық процесс алға қойылған

мақсаттарға қол жеткізу кепілі болуы тиіс. Педагогикалық технологияларды меңгеру, нақты білім беру және тәрбие технологияларын өздігімен дайындау білігі педагогке өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыру, тез арада өз ісінің шебері болу мүмкіндігін береді.

Алтыншы бағыт – сынып жетекшісі қызметінің диагностикалық жабдықталуы. Балаларды дамыту ісін диагностикалық құралдарды қолданбастан, көзбен мөлшерлеу арқылы құру мүмкін еместігін түсініп отырған педагогтер қатары күн санап артып келеді.

Әдетте балаларды тәрбиелеу іс-әрекетінде диагностиканың екі нысаны көрсетіледі: тәрбие процесінің жай-күйі (барысы) және оның нәтижелілігі (тиімділігі). Оқушылар үшін, әсіресе жасөспірім жастағылар үшін өз ойын білдіру және өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігінің маңызы зор. Балаларды өздері сынып жұмыстарын ұйымдастыру, сұхбаттасу, өздігімен шешім қабылдау мүмкіндіктері қызықтырады. Сынып жетекшісі балалармен жұмыс ұйымдастыра отыра, атқарушының емес, «сынып» атты оркестр дирижерінің рөлін орындауы тиіс.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарға сүйене отыра, заманауи мектеп сынып жетекшісінің моделін төмендегіше көрсетуге болады:

Сынып жетекшісінің жалпы сипаттамалары:

1. Сынып жетекшісінің зиялылығы – оның тәрбиелілігінің өлшемі болып табылады.

2. Ол – арсыздық пен надандыққа қарама-қайшы ұғым.

3. Тәрбиеші – қатал, бірақ мейірімді болуы тиіс.

4. Егер өзін сыйласын десе, тәрбиеші ең алдымен өзгелердің адами қасиетін сыйлауы қажет.

5. Өзіне көңіл аударуды талап етпес бұрын тәрбиеші өзін қоршағандарға ықылас көрсетуі, балалардың қызығушылықтарын, мүдделері мен қажеттіліктерін ескеруі тиіс.

Сынып жетекшісінде болуы тиіс қасиеттер:

1. Ішкі адамгершілік еркіндігі.

2. Ой тәуелсіздігі.

3. Ойлау бейнесі мен мінез-құлық таңдау еркіндігі.

4. Өз қылығы үшін толық жауапкершілік түсінігі.

Сынып жетекшісі білуі тиіс:

1. Өз кәсіби іс-әрекетін, қызықты әрі шабыттандыратын сыныптан тыс өмірді, әр тәрбиеленушінің тұлғалық бейнесін жоспарлауды.

2. Өз қызметінің нәтижесін талдауды және болжауды.

3. Әр тәрбиеленушінің тұлғалық қалыптасуында көмек көрсетуді.

4. Тәрбиеленушілерді өзінің сабақтан тыс іс-әрекетін талдауға үйретуді.

5. Ата-аналармен, сыныбындағы пән мұғалімдерімен, қауымдастықпен әлеуметтік байланыс орнатуды.

Балалармен қарым-қатынаста сынып жетекшісінде болуы тиіс негізгі қасиеттер:

- жоғары адамгершілік және қайырымдылық;
- ықылас;
- қамқорлық,
- түсінушілік;
- елгезектік;
- коммуникативтілік;
- тілектестік;
- жауапкершілік;
- ашықтық;
- ізгілік;
- адалдық;
- мысқыл сезім;
- байыптылық, ұстамдылық;
- әділдік;
- мақсаттылық.

Сынып жетекшісінің ата-аналармен қарым-қатынаста қажет басты қасиеттері:

- шыншылдық және әділеттілік;
- шыдамдылық;
- байсалдылық;
- әдептілік;
- сыпайылық;
- мәдениеттің жоғары деңгейі.

Сынып жетекшісі жұмысының басты принциптері:

- ізгілік;
- кәсіби құзыреттілік;
- әділдік;
- тұлғаға құрметпен қарау;
- жауапкершілік және т.б.

Сынып жетекшісі болу, ол:

- өзіне үлкен жауапкершілік алуды;
- тыңдай және түсіне білуді;
- сыныптағы әр тәрбиеленушінің психикалық, дене бітімі және адамгершілік жай-күйіне қамқор болуды;
- көмек көрсетуді (оқуда, сыныппен және қоршаған социуммен, ата-аналармен қарым-қатынаста, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі дамытуда);
- жетекшілік жасау және тәртіпті қадағалауды;
- үнемі әділдік жағында болуды *білдіреді*.

Сынып жетекшісі құқылы:

1. Мектептегі өзін-өзі басқару құрылымдары: педкеңес, мектеп кеңесі, кәсіподақ және мектептегі басқа органдар жұмыстарына қатысуға.
2. Мектеп қызметін жетілдіру бойынша бастама көтеруге, ұсыныстар енгізуге.

3. Өзінің тәрбие жүйелері мен бағдарламаларын құруға, «кесірінді тигізбе» адамгершілік принципін басшылыққа ала отырып, тәрбиенің жаңа әдістерін, формалары мен тәсілдерін шығармашылықпен қолдануға.

4. Мектептің өзін-өзі басқару органдарында өз ары мен абыройын қорғауға.

5. Еңбектің түрлі көлемі мен нәтижесі үшін материалдық қосымша ақы және ынталандыру жүйесін анықтайтын құжаттарды дайындауға қатысуға.

Сынып жетекшісінің құқысы жоқ:

1. Тәрбиеленушінің жеке басының абыройын кемітуге, оны іс-әрекетімен немесе сөзбен қорлауға.

2. Бағаны (мектептік балл) оқушыны жазалау мақсатында қолдануға.

3. Баланың сенімін аяққа басуға, тәрбиеленушіге берген уәдені бұзуға.


4. Баланы жазалау үшін оның отбасын (ата-анасын немесе туысқандарын) пайдалануға.

5. Өз әріптестері туралы «сыртынан» жамандауға, олардың намысына тиюге.

Заманауи жағдайдағы сынып жетекшісінің тиімді қызметінің моделін сипаттай келе, модельде берілген модельдік түсініктер білімді, адамгершілікті, жігерлі, көшбасшылық қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, Стратегия-2050 басты мақсатына қол жеткізуге белсенді қатысатын адамды қалыптастыруға бағытталғанын көруге болады.

Заманауи мектептегі сынып жетекшісінің моделі

(Астана, Ақтөбе, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Орал, Шымкент қалалары мектептері және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесінен)



Қорытынды

Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым саласы тәуелсіздік жылдары мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып саналатын үлкен жолды өтті. Білім берудегі басты міндет – өзінің кәсіби қызметінде рухани-адамгершілік құндылықтарды қолдануға қабілетті жоғары білікті мамандарды, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіпқорларды даярлау. Сынып жетекшісінің дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие іс-әрекеті – тұлға тәрбиесінде жоғары нәтижеге қол жеткізудің негізі. Заманауи сынып жетекшісі тәрбиенің 3 қызметін атқарады: сыныпта түрлі іс-әрекетті ұйымдастырады, әр баланың дамуына қамқорлық жасайды, балаларға проблемаларды шешуіне көмектеседі. Сынып жетекшісі балалармен бірге олардың қызығушылықтарын, қабілеттерін, тілектерін ескере отыра, сыныптың тәрбие жүйесін жобалайды, ата-аналармен өзара қарым-қатынас орнатады, ортаның этномәдени жағдайларын ескереді.

Өз ісін шебер меңгерген нағыз сынып жетекшісі – ол өз тәрбиеленушісінің әрқайсысының бойынан қайталанбас, дара тұлғаны көре білетін; тұлғалық-бағдарлы тәсілге сүйене отыра педагогикалық диагностика негізінде әр оқушыны терең зерттейтін, олармен байланысын үйлестіретін, балалар ұжымының қалыптасуына ықпал ететін ақылды тәрбиеші.

Әдістемелік құрал авторларымен Қазақстандағы заманауи мектеп сынып жетекшісі қызметін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері дәлелденді; сынып жетекшісі жұмысының басым бағыттары ашылды; заманауи мектеп сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің моделі әзірленді.

Осы әдістемелік құралды сынып жетекшілері, сондай-ақ мектеп жетекшілері тәрбие процесінің тұжырымдамасы мен бағдарламаларын әзірлеуде; педагогтердің өз бетінше білім алуындағы материал ретінде; арнайы орта және жоғары оқу орындарында педагогика бойынша (әсіресе, тәрбие теориясы, тәрбие жүйесін модельдеу, сынып жетекшісі қызметінің технологиялары бойынша) оқу бағдарламаларын түзетуде; білім беру мекемелері қызметкерлерінің (жетекшілер, тәрбие жұмысы бойынша әдіскерлер, сынып жетекшілері) біліктілігін арттыру жүйесінде; педагогика бойынша жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындауда қолдана алады.

Сондай-ақ, әдістемелік құрал материалдары білім беру мекемелерінің қызметін сапалы жаңарту мен жетілдірудің жаңа нұсқаларын, жолдарын және құралдарын іздестіруде, тәрбие жүйелерін және сынып жетекшісінің осы жүйелердегі іс-әрекетінің технологияларын модельдеуінде мектептердің педагогикалық ұжымдары үшін, және жеке алғанда директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары мен сынып жетекшілері үшін белгілі бағдар бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы: / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012. – 114 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы // ресми мәтін. – Астана, 17 қаңтар, 2014
3. Тәжібаева С.Ф. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. Оқу құралы. Алматы, 2007. - 359 б
4. Таубаева, Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования / Ш. Таубаева. – Алматы: Алем, 2000.- 381 с.
5. Нургалиева, Г.К. Сравнительная педагогика / Г.К. Нургалиева и др. – Алматы: Рауан, 1999.- 176 с.
6. Балыкбаев,Т.О. Теоретико-методологические основы формирования студенческого контингента вузов / Т.О. Балыкбаев. – Омск, 2010.
7. Педсовет: идеи, методики, формы. М.: Центр Педагогический поиск, 2013
8. Абдуллина, О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М.: Просвещение, 1990. – с.141
9. Гоноболин, Ф.Н. Психология / Ф.Н. Гоноболин. – М.: Просвещение, 1973.
